


Билетимін

ЖШС «Нұрлы Ақыл 77» балалар бағдарламасы

мониторингтегі бағдарламаның



Ата-аналарға келіс: «Баланың көп жаңарына қатысты ата-ананың 5 катесі»



Тәрбиеші: Түркімбай А.Т

2024-2025 оқу жылына

Көзге арналған жаттығулардың сиқырлы қасиеттеріне сену және баланы ерте дамытуға тырысу — оның көз жанарына зиян болуы мүмкін.

Сіз осы қателіктерге бой алдырып жүрсіз бе? Өзіңізді тексеріп көріңіз.

Офтальмолог-дәрігер, медицина ғылымдарының докторы Игорь Азнаурянның кеңестері:

Ерте дамытумен айналысу

Соңғы кездері баланы ерте дамыту сөнге айналып барады. Бұл өз кезегінде бала денсаулығы үшін өте қатерлі екенін ата-ана назарға ала бермейді. 3-4 жасында қалыптасатын баланың жүйке жүйесі де, көру жүйесі де шамадан тыс түсетін жүктемеге дайын емес. Осылайша, ерте жазу, сызуға, оқуға бейімдеудің салдарынан балада көптеген көз аурулары тууы мүмкін.

Үй тапсырмаларын орындау кезінде шағын үзіліс жасамау

«Тапсырманы орындап бітпейінше орныңнан тапжылмайсың!» — деп оқушы кезімізде ата-аналарымыз жиі айтатын. Енді мектеп бітіріп, есейген соң біз де балаларымызға солай айтып жүрміз. Бір қарағанда бәрі дұрыс секілді: оларды тәртіпке, еңбекқорлыққа үйретіп жатырмыз...және сонымен қатар көз жанарын құртудамыз.

Жақыннан көргіштік ауруы мектептен емес үй тапсырмасын орындау барысында дамидыны көбі біле бермейді. Мектепте әр 40 минут сайын қоңырау соғылып тұрады. Ал сабақ кезінде баланың көзі бірде тақтаға, бірде дәптерге ауысады, яғни цилиарлық бұлшық еттер көзді әр түрлі қашықтыққа бағыттап отырады.

Үйде бала ұзақ уақыт оқулыққа телміріп, арасында үзіліс жасаса бірден смартфонға қарайды. Нәтижесінде көзге ұзақ уақыт бойы, бірыңғай жақыннан күш түседі. Бала үстелде емес төсекте жатып, немесе еденде отырып сабақ оқыса, оқулық пен көздің арасындағы қашықтық тым жақын болу себебінен көру жүйесіне екі есе күш түсуі мүмкін.

Сол себептен ата-ана баласының үй тапсырмасын орындаған кезде сағат сайын үзіліс жасап отыруын қадағалауы тиіс. Осы үзілісте баланың смартфон пайдалануына жол бермей, басқа шаруаларға, мысалы ыдыс жууға көмектесуге, немесе бірге кешкі ас ішуге шақыру арқылы көңілін бөлу керек. Осылайша көздерін тынықтырып алуына септігімізді тигізе аламыз.

Баланың көзі ауырмаса офтальмологқа барудың қажеті жоқ деп ойлау

Көп ата-аналарға «гиперқамқорлық» тән. Болмашы шағымға бола олар баланы дәрігерге апаруға дайын тұрады. Алайда көру қабілетінің нашарлағанына бала әдетте шағымдана бермейді. Себебі, бір көздің көруі нашарлағанымен екіншісі бұрынғыдай анық көруін жалғастыра береді де, бала өзгерісті байқай қоймайды.

Оның үстіне, сыртқы белгілері бойынша астигматизм, амблиопия, анизометропия сияқты ауруларды бірден анықтау мүмкін емес — бұны тек офтальмолог қана көре алады. Сондықтан, ешқандай шағым болмаса да, аурудың алдын алу мақсатында офтальмологтың тексерулерінен жыл сайын өтуге кеңес беремін.

Мектепке дейінгі балалар үшін офтальмологқа бару тәртібі: 1 айында, 3 айында, 6 айында, 1 жаста, 2 жаста, 3 жаста. Егер ешқандай ауытқулар байқалмаса, келесі қабылдауға 6 жасында әкелуге болады.

Офтальмологқа жиі қаралып тұрудың маңызы неде? Көз ауруларының көбі, тіпті, жақыннан көргіштік (Миопия — көз кемістігі, мұндайда адам алыстан жөнді көре алмайды.) те тұқым қуалаушылық арқылы балаға берілуі мүмкін. Мысалға, статистика бойынша егер ата-ананың бірінің көру қабілеті төмен болса, онда ол балада да төмен болуының 50% ықтималдығы бар. Ал егер ата-ананың екеуінде де жақыннан көргіштік ауруы болса, онда бұл ықтималдық тіпті 80%-ды құрауы мүмкін. Сондықтан мүмкіндігінше уақтылы тексеріліп тұрған жөн. Білгір офтальмолог "миопия" диагнозын қойып қана қоймай, оны тұрақтандырып, көру қабілетінің нашарлауын тоқтатуы керек.

ББҚ мен көз жаттығуларына арқа сүйеу

Қаражидек қосылған ББҚ (биологиялық белсенді қоспалар), лютеинді таблеткалар, сәбіз, тесігі бар көзайнек, көзге арналған жаттығулар — бұның барлығының көру жүйесіне ешқандай да пайдасы жоқ.

Мысалы, көз патологиясы балаға қанмен берілді дерлік. Сондай-ақ, мысалы, қант диабеті тұқым қуалаушылық арқылы беріледі. Бірақ адамдар диабетті ББҚ-мен немесе гимнастика жасау арқылы емдемейді ғой. Олай болса, айналамен байланыс құратын ең басты мүше — көзіміз, осындай пайдасыз "емдеу" тәсілдерінен не үшін зардап шөгуі керек?

Егер сіздің балаңыз жақыннан көргіштікке шалдықса, онда іс-әрекеттеріңіздің реттілігін нақты анықтап алуыңыз керек. Алдымен, жақыннан көргіштікті дәрігермен бірге тоқтатуыңыз керек, содан кейін оны түзетуге тырысыңыз. Заманауи офтальмология аппаратпен немесе дәрі-дәрмекпен ем жүргізе алады және қазіргі заманда лазер арқылы да көз жанарын түзетуге болады.

Көзілдіріктің көзге әсері

«Көзілдірік көзге зиян, егер оны бір рет тақсаң, өмір бойы тақлай жүре алмайсың» деген Кеңес дәуірінен келе жатқан ұғым бар. «Көздің көруі нашарлайды, көзілдірік әйнегі барған сайын қалыңдай түседі» деп есептеген. Сондықтан дәрігер көзілдірік тағуға кеңес берсе де, пайдалануға тыйым салынған.

Алайда, балаларға көбінесе көзілдірікті тек жақсы көру үшін ғана емес, көзді емдеу, көруді түзету әдісі ретінде тағуға кеңес береді. Егер сіз білгір маманға көрінсеңіз, онда көзілдірікті сізге уақытша тағуға нұсқау беруі мүмкін екенін түсінгеніңіз абзал. Алдымен көздің көру қабілетінің жыл сайын үздіксіз төмендеуін тоқтатып, жақыннан көргіштікті тұрақтандырып барып көзілдіріктен құтылудың жолдарын қарастыра беруге болады. Егер жақыннан көргіштік тоқтаса және үш жыл бойы үдеп, асқынбаса, лазермен емдеу арқылы көздің көру қабілетін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік бар.

Қорытынды

Сонымен, баланың көру қабілетінің нашарлауының негізгі белгілері:

— Жазуының жаман жаққа өзгеруі, әріптері едәуір ірілерініп, нашарлауы.

— Баланың дәптерге қатты иілуі.

— Теледидар көрген уақытта бала алыстан емес, экранға жақын келіп, көзін сығырайта қарауы.

Егер ата-аналар өз қателіктерімен жұмыс істеуді қолға алса және қатып қалған ұстанымдардан бас тартса, онда біз жуық арада жақыннан көргіштік індетінен құтыла аламыз деген сенімдемем.



Кенес Тақырыбы: «Қазіргі заманға сай баланың тіл дамуы»

Тәрбиеші: Тұрсынбай А

2024-2025 оқу жылы

«Қазіргі заманға сай баланың тіл дамуы»

«Бала шыр етіп жерге түскенде дыбыспен бірге туады» деп Ж.Аймауытұлы айтқандай, дыбыспен өмірге келген бала өмірінің барлық кезеңін әртүрлі дыбыстардың арасында өткізеді. Сол дыбыстар арқылы баланың ойы, тілі, өрісі, танымы дами бастайды. Ғалым А.В.Петровский бала өмірінің жеті кезеңін көрсеткен: 1) Туғаннан 1-2 айға дейін – жана туған бала; 2) 1-2 айдан 1 жасқа дейін – нәресте; 3) 1-ден 3-ке дейін – ерте сәбилік шақ; 4) 3-тен 7 жасқа дейін – мектепке дейінгі балалық шақ; 5) 7-ден 11-12 жасқа дейін – бастауыш мектеп шағы; 6) 12-ден 14-15 жас аралығы – жеткіншектік кезең; 7) 14,5-17 жас аралығы – балаң жасөспірімдік. Ғалым баланың 1-3 жас аралығын *ерте сәбилік кезең* деп атаса, Ж.Қоянбаев бұл кезеңді *сәбилік шақ* деген. М.Қ.Бапаева «Даму психологиясы» атты еңбегінде «балалық шақтың өзі төртке бөлінетіндігін айтқан: нәрестелік кезең (туғаннан 1 жасқа дейін), ерте балалық шақ кезеңі (1 жастан 3 жасқа дейін), мектепке дейінгі балалық шақ (3 жастан 6 жасқа дейін), бастауыш мектеп жасы (6 жастан 11-12 жасқа дейін)» [1,124]. Ғалымдар жіктемесіне сүйене отырып, осы ғылыми зерттеу жұмысында аталған кезеңдегі баланың сөйлеу тілінің дамуын, оның сөздік қорын, сөйлеу үдерісінде кездесетін қателіктер, дыбыстық ерекшеліктер жайында тұжырымдар мен тілдік деректер көрсетіледі.

Бала 1-3 жас аралығында тілі шығып, тілдік қоры молайып, даму үстінде болады. Алғашқы кезде бала айналасындағы жақын адамдарына сұрақ қою арқылы өзіне ақпарат жинайды. Соның негізінде бала тілі дамып, сыртқа шыға бастайды. «Алғашқы кезде сәбидің сөзі үлкендердің сөзіне аздап ғана ұқсайтын болады. Мұндай сөзді *дербес (автономиялық) сөз* деп атайды. Тіпті кейде үлкендер пайдаланбайтын сөздерді де қолданады» [2,104] дейді Ж.Қ.Дүйсенова мен Қ.Н.Пығметова. Расымен бала тілі негізінде сөйлеу, есту мүшелеріне, ойлау, түйсіну қабілеттеріне тікелей байланысты. Артикуляциялық мүшелері сөйлеу үдерісіне дайын болуына дейін бірнеше кезеңнен өтеді. Сол себепті бала бірден естіген сөзін қайталай алмайды. Мысалы: баланың сәбилік кезеңінің алғашқы кезінде «*тамақ*» сөзін «*тамақ*» деп «*т*» дауыссыз дыбыстың орнына «*и*» дыбысын қойып немесе «*атма*» сөзін «*ама*» деп қысқартып айтуы қателік болып саналмайды. Дегенмен, баланың психологиялық және физиологиялық даму қарқынына да назар аудару керек. Себебі көбіне ата-әжесімен коммуникацияға түсетін балалардың тілі тез дамиды, ал балабақшадағы өзі сияқты тілі енді шығып келе жатқан балалардың арасында жүрген сәбилердің тілі баяу шыға бастайды. Баланың ойлау қабілетін дамыту арқылы танымы кеңейе түседі. Таным деңгейі жоғары баланың тілі тез дамиды. «Баланың танымы дамыса, онда тілі де дамиды» [3,48] дейді ғалым С.Н.Цейтлин.

Бала үлкеннің сөзін қайталап айта бастаған кезінде көбіне фонетикалық қателіктерді жасайды. Сәби «*сабын*» сөзін «*шабын*» деп

немесе «шар» сөзін «сар» деуі мүмкін. Баланың тіліндегі ауысып отыратын дыбыстар өте көп кездесіп жатады: «р» мен «л» (*радио* – *ладно*), «р» мен «и» (*Айбатыр* – *Айбатыи*), «ж» мен «д» (*жоқ* – *доқ*), «т» мен «н» (*тамақ* – *намақ*), «б» мен «п» (*банан* – *панан*), «в» мен «б» (*автобус* – *абтобус*) және т.б. Бұл қателіктердің негізінде артикуляция мәселесі жатыр.

Бала 1-3 жас аралығында әрбір естіген сөзін түйсініп, сыртқа шығарады. Яғни, бала белгілі бір негіздемеге сүйене отырып, сөзін ой жүйесінен шығарады. А.Леонтьевтің пікірінше, бала сөйлегенде алдын ала оны ой жиегінен өткізеді, сол ой дыбыс не сөз болып үдеріске айналады [4,165]. Мысалы: 2 жасар Бекболат есімді бала допты «теп-теп» деп атайды. Баланың допты «теп-теп» деп атауына «тебу» сөзі түрткі болып тұр. Бір жағынан бала қандай бір грамматикалық заңдылыққа немесе лексикалық уәжге сүйеніп айтып тұрған жоқ, себебі оның жасы небәрі екіде. Бірақ бала допты тебетінін түсініп тұр. К.И.Чукотский «Ересектерде барлығы сатылымға дайын көйлектері бар дүкен сияқты. Ал балаларда енді өңделіп, тігіліп жатқан шеберхана секілді» деген. Әрбір бала көптеген жаңа сөздерді, қолданыста бар сөздердің жаңа формасын құрастырып жатады. Әрине, ондай мысалдар күнделікті тұрмыста өте көп кездеседі. Бұндай құрылымды сөздердің негізінде уәж жатыр. Ж.Аймауытовтың «Психология» атты еңбегінде осы мәселе жайында айтылған. «Жүре-жүре бала ішкі тілегін сыртқа шығару үшін дыбысқа еліктейді. *Сиырды «мө-ө», қойды – «ма», мысықты – «мияу», итті – «ау-ау»* дейтін болады» дейді ғалым [5,171]. Бұл тұста уәж мәселесіне тоқталмау мүмкін емес. *Уәждеме* - тіл арқылы аталған заттың немесе құбылыстың бір белгісінің көрінісі екені белгілі. Демек, бала естігенін дәл сол күйінде шығарады. Мысықтың мияулайтыны, сиырдың моңірейтіні, қойдың маңырайтыны - бәріне белгілі әрекет. Бала құлағымен естігенін дыбыс не сөз күйінде сөйлеу әрекетінде қолданады.

1-3 жас аралығында бала тілінде кездесетін көптеген жаңа атаулар бар: *доп – теп-теп (1,5 жас), шалбар – бұттық (3 жас), футбол – гол (2 жас), телефон – але (1,5 жас), теледидар – мутик (2 жас), мысық – нау (мияу) (1,5 жас), көкірек – тісте (3 жас), су – шай (1,5 жас), тамақ – ням-ням (1,5 жас), нан – ням-ням (1,5 жас)*. Келтірілген тілдік деректерге қарап, баланың қалыптастырған жаңа атауларының негіздемесі бар екендігіне көз жеткізуге болады. Әрбір ересек адам допты тебетінін, судың шай сияқты сұйықтық екендігін, мультфильмді теледидардан көретінін, мысықтың мияулайтынын, гол деген футбол ойының термині екендігін, телефонға келген қоңырауға алио деп жауап беретіндігін, шалбарды бұтка (диалект сөз) киетіндігін біледі. Демек, бала уәжі бар, мағынасы мен қызметі сақталған, бірақ нормадан ауытқыған сөздерді қалыптастырады.

Сондай-ақ бала бір атаумен бірнеше нәрсені айтуы мүмкін. Мысалы, *шайды да, шырынды да, суды да «су»* деп атайды. Оның уәжі *шу* екендігі белгілі.

Бала 1 жас пен 2 жас аралығында «*бірсөзді сөйлемді*» жиі қолданады. С.Н.Цейтлиннің пікірінше, «баланың алғашқы сөздері – оның алғашқы ойы болады. Бұл – *«голофраза»* деп аталады [3,209]. Бұл сөз белгілі бір ойды беретін, жағдайды түсіндіретін құрылым». Ғалымның пікірін тілдік деректермен дәлелдеуге болады. Мысалы, бала *автобусты* көрсетіп *«автобус»* дейді. Бұл сөздің негізінде *«әне, автобус»* немесе *«автобус келе жатыр (өтіп бара жатыр, тұр)»* сөйлемдері жатыр. Баланың сөздік қорының аздығынан сөйлемді толық айта алмайды, бір сөзбен жеткізеді. Осылайша бала бір сөзбен бір сөйлемнің мағынасын түсіндіреді.

2 жас шамасындағы бала біртіндеп екісөзді сөйлем құрастыра бастайды. Ғалым С.Н.Цейтлин *«Язык и ребенок: Лингвистика детской речи»* атты ғылыми еңбегінде баланың сөйлеу үдерісінде қолданған сөйлемдерді *бірсөзді, екісөзді, үшсөзді сөйлемдер* деп қарастырған [3,210]. «Бұл сөйлемдер - көбінесе субъект пен оның әрекеті (*«мамам келе жатыр»*), әрекет және объект әрекеті (*«мама, берші»*) немесе әрекет және әрекет орны (*«кітап анда»*)» [2,105] дейді Ж.Қ.Дүйсенова мен Қ.Н.Нығметовалар. Тіл білімінде бұндай сөйлемдерді *екісөзді сөйлем* деп атайды. Бұндай құрылымды сөйлемдерге қарап, бала тіліндегі алғашқы морфологиялық бірліктерді көруге болады. Кейіннен бала жасына сәйкес инсан мен предикат, нысан мен предикат арасындағы байланыс (септік, жіктік, тәуелдік жалғауларын) айқындала түседі.

Қорыта келе, 1-3 жас аралығындағы бала тілі нормаланған, жүйеленген әдеби тіл қатарында болмаса да, уәжі мен толық мағынасы бар құрылым екені тілдік фактілер арқылы дәлелденді. Жоғарыда айтылған тұжырымдардан бала тілі лингвистикасын зерттеудің өзектілігі көрінеді.

Бекітемін

ЖШС «Nursultan» ЖАҚ-ының

менгерушісі *О. Серік* Т. Табышова



Ата-аналарға кеңес: «Күн аяз болғанда ата-ананың жеті қателігі»



Тәрбиеші: Тұрсынбай А.Т

2024-2025 оқу жылы

Күн аяз болғанда ата-ананың жеті қателігі

1. Көбісі баланы жылырақ киіндіру керек деп ойлайды.

Қымтап киіндіре берген бала өкінішке орай жиі ауырады. Қозғалыс өздігінен денені қыздырады, баланы «қырық қабат» киіндіру артық болады. Ағзада жылу алмасу бұзылады, нәтижесінде ол ысиды. Сол кезде болмашы желден салқын тиіп қалады.

2. Көпшіліктің ойы: жылыны сақтау үшін киім денеде тығыз тұру керек.

Суықтан қорғанудың ең сенімді жолы – ауа. Төмен температурадан сақтану үшін, дене айналасында кеңістік болғаны дұрыс екен. Ол үшін жылы, бірақ мүмкіндігінше кең киім болу керек. Ал аяқ киімнің ішінде бас бармақ еркін қозғалатындай болғаны жөн.

3. Көпшіліктің ойы: егер бала тоңса ол міндетті түрде айтады.

Бала терісінің астындағы майлы қабат өте аз, термореттегіш жүйесі толық қалыптаспаған. Бала әсерді тез байқамауы мүмкін. Баланы бесік-арбада немесе шанада ұзақ уақыт алып жүрмеңіз. Ол қозғалыста емес – ол аяз күшағында жатыр.

4. Көпшіліктің ойы: қыс уақытында бір сағат серуен жеткілікті.

Бұл мәселеде қатаң тәртіп жоқ. Барлығы баланың шыныққандығына және дала температурасына байланысты. Қысқы уақыттағы ауа қаупі – жоғары ылғалдылық және жел. Егер серуенге шығар алдында баланы жақсылап тамақтандырса балалар суыққа шыдамды болады – көмірсу мен майға бай тамақ ерекше жылу береді.

5. Көпшіліктің ойы: егер бала тоңып қалса, онда баланы тезірек жылыту керек.

Жылыту керек бірақ жедел түрде емес. Мысалы, егер баланың тоңып қалған саусақтарын батареяға қойса немесе ыстық судың астына тосса – қиын жағдайға тап боласыздар. Екі түрлі температураның жедел араласуынан дененің қатты тоңған жерлері ауруы мүмкін немесе одан да жаман, жүрек жұмысы нашарлауы мүмкін. Ең дұрысы, баланы жылы, құрғақ киіндіріңіз,

жамылғы жабыңыз, жылы суга шомылдырыңыз.

6. Көпшіліктің ойы: салқын тиген бала серуенге шыкпауы тиіс.

Егер баланың температурасы жоғары болмаса, серуенге міндетті түрде шығу керек. Науқас баланы апта бойы пәтерде ұстап отыру үлкен қателік. Мүмкін өзіңіз байқаған да боларсыз таза ауада тыныс алуы жеңілдейді, мұрын тазаланады, терең демалуы жақсарады. Егер аздап аяз болса да кедергі емес. Баланың аузымен тыныс алмауын және терлемеуін қадағалаңыз, салқын жел тиіп қалмасын, өте көп қимылдауға жол бермеңіз.

7. Көпшіліктің ойы: баланың құлағы тоңғаны өте қиын.

Балаға жеңіл-желпі салқын тигенде мұрын жолдары арқылы сұйық өзімен бірге инфекцияны бірге алып мұрыннан оңай ағып кетеді. Осының салдарынан жиі құлақ ауруы да болады, ол құлақтың тоңғанынан емес. Баланың мойынын және желке тұсын жабуға тырысыңыз – дәл осы жерлер жылуды тез жоғалтады.

Бекітемін

ЖШС «Nursultan 77» басқарушысының

менгеруі



Ата-аналарға кеңес: «Балаларды ұялы телефон ойынынан
аулақ ұстауы»



Тәрбиеші: Түрсынбай А.Т

2024-2025 оқу жылы

Ата-аналарға кеңес: «Балаларды ұялы телефон ойынынан аулақ ұстауы»

Жұмбақ айтып табысатын, ән-жыр айтып жарысатын, асыр салып далада, тай-құлындай шабысатын, қазағымыздың балдырған ұландары ата-ананың құлықсыздығынан ұялы телефон ойынына құмартты, құмартқаны соншалық, қой десе қоймай, зар еңірей кететіні үйреншікті жағдай болып қалды. Ендеше ойындар әлемінде балалар соншалықты құмартатын біз сезе білмейтін қандай да бір сыр бар ма? Оның балаларға зияны қаншалықты?

Алдымен «Телефондағы ойын деген не?» сұрағына жауап іздеп көрейік.

Телефон ойындары: құрылымы қарапайым, балалар оңай игеретін, адам қиялындағы дүниені елестете алатын, баурау қуаты күшті, құмарлыққа ұрындыратын ойын түрі.



Ендеше телефон ойынының балаларға зияны қандай?

Ғалымдардың зерттеуінше, кішкентай балаларды ересек адаммен салыстырғанда,

- Балалардың барша дене бітімі, жүйке талшықтары өсіп-жетілу мезгілінде болғандықтан, радиациялық сәуледен зияндалуы ересек адамнан жоғары болады;
- Кішкентай балалардың бас сүйегі біршама жұқа болатындықтан, радиациялық сәуледен зияндалуы ересек адамнан жоғары болады;
- Бала денесіндегі су құрамы ересек адамдармен салыстырғанда мол болатындықтан, радиациялық сәуледен зияндалуы ересек адаммен салыстырғанда біршама жоғары болады;

Сол себепті, телефоннан шыққан радиациялық сәуле балалардың денсаулығына, ақыл-ойына оңай кері әсерін тигізеді.

1. Денсаулығына болған зияны: мойнын төмен салбыратып ұзақ уақыт бір орында отыру балалардың дене бітімінің түзу өспеуіне ықпал жасайды, уақыт ұзарса балалардың көзіне зиян келтіреді, қосымша ауру тудырады.

2. Ақыл-ойына болған зияны: ата-анасымен әңгімелесу, ақыл-насихат тыңдау орайынан айырылып, жабырқау, қырсық, жат мінездерді қалыптастырады.

Балалар телефон не компьютер ойындарын ойнауды ата-анасынан, маңындағы адамдардан үйренеді, сондықтан, ата-аналар өздерінен бастап телефоннан ойын ойнауды (карта, түрлі көлік жарысы) тоқтату керек, оның үстіне балалардың қандай адаммен араласқанына, нені үйренгеніне назар аудару қажет. Қазіргі балалар зердесі ерте ашылған, телефон ойындарын ойнауды тез әрі жақсы игереді дейтін негізсіз көзқарастан аулақ болып, залалсыз ойыншықпен ойнатып, спортпен айналысуға шабыттандырып, сау денелі болып өсіп-жетілуін қадағалаған жөн.